

## "Аққулы ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 11 тамыздағы № 1-03/191 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, 124-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы "Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты туралы үлгі ережені бекіту туралы" № 294 бұйрығына сәйкес, Аққулы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Аққулы ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Аққулы ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдансын;

осы қаулыны Аққулы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын;  
осы қаулыдан туындастын өзге де қажетті шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Аққулы ауданы әкімінің аппарат басшысы Т.Т. Кобайдаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аққулы ауданының әкімі

А. Балгабаев

Аққулы ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "11" тамыздағы  
№ 1-03/191 қаулысымен  
бекітілген

"Аққулы ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы  
Ереже

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Аққулы ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - әкімнің аппараты), Аққулы ауданының Шақа ауылдық округ

әкімнің (бұдан әрі - әкім) қызметін қамтамасыз ететін және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Занында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Әкімнің аппаратында ведомстволары жоқ.

3. Әкімнің аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Еңбек және Бюджет Кодекстеріне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Зандарына, сондай-ақ осы әкімнің аппараты туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Әкімнің аппараты ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабаны, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Әкімнің аппараты өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. Әкімнің аппараты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Әкімнің аппараты туралы ережені, оның құрылымын Аққулы ауданының әкімдігі бекітеді.

8. Заңды тұлғаның толық атауы: мемлекеттік тілде - "Аққулы ауданының Шақа ауылдық округі әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде - государственное учреждение "Аппарат акима Шакинского сельского округа района Аққулы".

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140703, Аққулы ауданы, Шақа ауылы, Клубная көшесі, 1А ғимарат.

10. Әкім аппаратының жұмыс тәртібі: жұмыс күндері: дүйсенбі - жұма күндері сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.

11. Мемлекет Аққулы ауданының әкімдігі тұлғасында әкім аппаратының құрылтайшысы болып табылады.

12. Осы Ереже әкім аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.

13. Әкімнің аппаратын Аққулы ауданының әкімдігі құрады, қысқартады және қайта ұйымдастырады.

14. Экімнің аппараты жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

15. Экімнің аппаратына әкім аппаратының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қата настарға түсуге жол берілмейді.

## **2-тарау. Әкім аппаратының мақсаты, қызметінің нысанасы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

16. Әкім аппаратының мақсаты ауылдық округ әкімінің ведомствоның қарамағындағы аумақта мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

17. Әкім аппараты қызметінің нысанасы - ведомствоның қарамағындағы аумақта мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

18. Міндеттер:

Әкімнің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу.

19. Функциялар:

1) Экімнің аппараты өз құзыреті шегінде:

жергілікті қоғамдастық жиынын, ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын, жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізуіді үйимдастыруды қамтамасыз етеді;

бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының, жергілікті қоғамдастық жиынының және жиналысының шақырылу уақытын, орын және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді;

жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында қабылданған және Шақа ауылдық округ әкімі мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;

Шақа ауылдық округінің бюджетін жоспарлауды және атқаруды қамтамасыз етеді;

жергілікті қоғамдастықтың жиналысына және Аққұлы аудандық мәслихатына Шақа ауылдық округі бюджетінің атқарылуы туралы есепті ұсынады;

Шақа ауылдық округінің бюджетін іске асыру туралы шешім қабылдайды;

жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын өзірлейді және оны жергілікті қоғамдастық жиналысының бекітуіне ұсынады;

Шақа ауылдық округінің коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің нысаналы және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіреді, Шақа ауылдық округінің меншік (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігі) құқығын қорғауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді сенімгерлік басқарушының орындауды бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

2) Әкімнің аппараты жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша:

өз құзыреті шегінде жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқару саласындағы құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

егер "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

шешім қабылдайды және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде оның сақталуын қамтамасыз етеді, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғасына берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде өзі сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларының артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлкін алып қоюды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығының не кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді;

Аққулы ауданы әкімімен келісу бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларын құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы шешім қабылдайды;

жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік заңды тұлғаларының жарғысын (ережесін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін пайдалану, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітіп береді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды.

## 20. Әкімнің аппараты өз құзыреті шегінде:

мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрауға және алуға;

мүліктік және мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

мемлекеттік басқару органдарының, мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің ақпараттық деректер базаларын пайдалануға;

шарттар, келісімдер жасасуға.

## 21. Әкімнің аппараты өз құзыреті шегіндегі міндеттері:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, облыс, аудан әкімінің және әкімдігінің, ауылдық округ әкімінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау.

## 3-тaraу. Әкімі аппаратының қызметін ұйымдастыру

### 22. Әкімнің аппаратын әкім басқарады.

### 23. Әкімнің өкілеттіктері:

1) әкім аппаратының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады;

2) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады;

3) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі;

4) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі;

5) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;

6) Шақа ауылдық округінің коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ ауылдық округтің, ауылдың автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етеді;

7) шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі;

8) Қазақстан Республикасының Қәсіпкерлік кодексіне сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетеді;

9) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

10) "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен нотариаттық іс-әрекеттер жасауды ұйымдастырады;

11) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

12) табысы аз адамдарды анықтайды, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізеді, жалғызлікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

13) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі, сондай-ақ "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оларға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетеді;

14) мүгедектерге көмек көрсетуді ұйымдастырады;

15) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады;

16) дene шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

17) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

18) мүгедектерге қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;

19) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

20) ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарының кадрлармен қамтамасыз етуіне жәрдем көрсетеді;

21) "Алтын алқа" алқасымен наградталған аналарға үй бөлуге жәрдемдеседі;

22) жазалаудың осы түріне сотталған адамдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындастын тәртіппен қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастырады;

23) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі;

24) қоғамдық көлік қозғалысын ұйымдастырады;

25) шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда ауруларды дәрігерлік көмек көрсететін таяу жердегі денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізіп салуды ұйымдастырады;

26) облыстың жергілікті атқарушы органдың құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымға ветеринария саласындағы функцияларды ауылдық округ аумағында орындаған кезде жәрдем көрсетеді;

27) қажет болған жағдайда жатқан науқасты денсаулық сақтау ұйымының стационарынан түрғылықты жеріне дейін тасымалдауды ұйымдастырады;

28) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

29) жергілікті бюджетті бекіту (нақтылау) кезінде Аққулы аудандық мәслихат сессия жұмысына қатысады;

30) өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және су пайдалану мәселелерін реттейді;

31) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

32) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қогамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

33) жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, қабірге арналған жер участекерін есепке алу мен тіркеуді жүргізеді;

34) қогамдық медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

35) жеке адамдардың түрғылықты жері бойынша және олардың көшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

36) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұмыспен қамтылуына, оның ішінде:

қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындары мен мекемелері өндіретін тауарларға, орындаитын жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тапсырыстарды орналастыру;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында сотталғандардың еңбегін пайдаланатын өндірістер ашу, оларды кеңейту және жаңғырту үшін кәсіпкерлік субъектілерін тарту арқылы жәрдемдеседі;

37) аудан орталығымен көлік қатынасын ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды аудандық атқарушы органға енгізеді;

38) басқаруына берілген аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (жалдауға) береді;

39) берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

40) берілген аудандық коммуналдық заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асырады;

41) бюджет қаражаттарын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша қызметкерлер қабылдайды;

42) мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді;

43) ауылдық округтің тұрғын үй қорын түгендеуді жүргізеді;

44) Ақкулы ауданы әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша ауылдық округтің авариялық тұрғын үйлерін бұзуды ұйымдастырады;

45) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағдарламалық құжаттары аясында ауыл халқына шағын несие беруге жәрдем көрсетеді;

46) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес шаруашылық бойынша есепке алууды жүргізеді;

47) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастырады;

48) шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын қамтамасыз етеді;

49) жергілікті қоғамдастықтың жиынтында немесе жергілікті қоғамдастықтың жиналышында қабылданған шешімдерді қарайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

50) Қазақстан Республикасы Жер Кодексімен көзделген жағдайларды қоспағанда, жер участкелерін жеке меншікке және жер пайдалануға береді;

51) қауымдық сервิตуттар белгілейді;

52) жер участкелерін алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою мәселелері жөнінде аудандық әкімдікке ұсыныстар енгізеді;

53) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылуын қамтамасыз етеді және жергілікті өзін-өзі басқару органына (жергілікті қоғамдастық жиынтына) оны іске асыру қорытындылары туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

54) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды іске асыру қорытындылары туралы жыл сайынғы есептерді тиісті аумақтарда таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады;

55) жайылым пайдаланушылар арасында жайылымдарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

56) жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларының сақталуын жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп қамтамасыз етеді;

57) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды өздерінің интернет-ресурстарына орналастырады;

58) облыстың жергілікті атқарушы органына тапталған және тозған жайылымдар туралы ақпарат береді;

59) ауылдық округ жерлерінде мал жаятын орындарды айқындаиды;

60) ауылдық округ аумағында жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдайды;

61) ауылдық округ аумағында жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдайды;

62) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ветеринариялық пункттерді қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз етеді;

63) пошта операторларына өздерінің аумақтарына өндірістік объектілерді орналастырудың жәрдем көрсетеді;

64) әкімшілік-аумақтың бірлік аумағында пошта байланысының тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдеседі;

65) ауылдық округте жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

66) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді, ауылдық округ аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысады;

67) әскери міндеттілерді броньдау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

68) ауылдық округ шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

69) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында ауылдық округ шегінде шақырылуға жататын азаматтарды уақтылы құлактандыруды және жеткізуді, жиналу пункттеріне немесе әскери бөлімдерге және арнаулы мемлекеттік органдарға техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

70) жұмылдыру жарияланған кезде іс-қимыл тәртібі туралы халық топтарына түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

71) аудандық өкілді және атқарушы органдарға осы елді мекендерді ауылдар санаттарына жатқызу туралы, оларды тарату және қайта құру туралы ұсыныстар енгізеді;

72) тиісті елді мекен халқының пікірін ескере отырып, аудандық өкілді және атқарушы органдарға ауылдық округқа, ауылдарға атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

73) аудандық өкілді және атқарушы органдарға ауылдық округтің, ауылдардың шекараларын белгілеу және өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

74) тиісті ауылдық округтің аумағындағы халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде осы елді мекендердің құрамас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді;

75) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

76) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

77) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабардар болуын қамтамасыз етеді;

78) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарайды;

79) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

80) мемлекеттік қызметтер көрсету, мүгедектермен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

81) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін онтайландыру және автоматтандыру жөнінде шаралар қолданады;

82) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың, сондай-ақ "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

83) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпаратты "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

84) көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді сақтауын қамтамасыз етеді ;

85) әкімнің аппаратында сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды қабылдау үшін дербес жауапкершілікте болады;

86) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және ауылдық округтің аумағында жасалған бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолдануға құқылы;

87) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдарда, сotta және меншік нысанына қарамастан өзге де үйымдарда әкім аппаратының атынан өкілдік етеді және әкім аппаратының қызметкерлеріне меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдарда, сotta және өзге де үйымдарда әкім аппаратының мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді.

24. Әкім Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әкімнің аппараты қызметкерлерін қызметке тағайындалды және қызметтен босатады.

25. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңында белгіленген тәртіппен әкімнің аппараты қызметкерлерін көтермеледі, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жазалар қолдануды жүзеге асырады.

26. Әкімнің орынбасарлары жоқ.

Әкімнің өкілеттігін ол болмаған кезеңде орындауды Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

27. Әкім аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілер этикасының нормаларын сақтауын әкім қамтамасыз етеді.

28. Әкімнің аппараты мен коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (ауданның жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынас "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

29. Әкімнің аппараты мен тиісті саланың уәкілетті органы (ауданның жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынас "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен реттеледі.

30. Әкім аппаратының әкімшілігі мен еңбек ұжымы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және ұжымдық келісім-шартына сәйкес белгіленеді.

#### **4-тарау. Әкімі аппаратының мүлкі**

31. "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда әкім аппаратының жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Әкім аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және "Мемлекеттік

мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

32. Әкімнің аппаратына бекітіліп берілген мұлік "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Шақа ауылдық округінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың) коммуналдық меншігіне жатады.

33. Егер "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше белгіленбесе, әкімнің аппараты жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша бекітіліп берілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті иеліктен шығаруы немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуі мүмкін.

#### **5-тарау. Әкімнің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату**

34. Әкімнің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

35. Әкімнің аппараты таратылған (қысқартылған) кезде несиегерлердің талаптарын қанағаттандырганнан кейін қалған мұлік аудандық коммуналдық меншігінде қалады.